

## Тіркелген салық ставкаларының 2009 жылға арналған мөлшерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 77 шешімі. Ақтөбе облысының Қобда аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 20 ақпанда N 3-7-61 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 232 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2011.09.30 № 232 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" ҚР-сы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15 тармақшасына және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99 "Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 422 бабының 1, 2 тармақтарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қобда ауданы бойынша тіркелген салық ставкаларының мөлшері N 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат сессиясының*

*Аудандық мәслихат*

*төрайымы: Д.Жиенбекова хатшысы: І.Қобланов*

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2009 жылғы 29

қаңтардағы

N 77

шешімінің N 1 қосымшасы

## **Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың ставкаларын 2009 жылға арналған мөлшері**

N	Салық салу объектілердің атаулары	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	1

4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК